



Күләш Байсейітова атындағы
**ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР
УНИВЕРСИТЕТІ**

**В027 «Театр өнері»
В104 «Сахналық өнерлердің және цирк режиссурасы»
білім беру бағдарламаларының топтары бойынша
Жоғарғы оқу орындарының білім алушылары үшін
XVIII Республикалық пәндік
олимпиадасын ұйымдастыру және өткізу туралы
ЕРЕЖЕ
2026**

1. Жалпы ереже

1. Осы жалпы ереже жоғары оқу орындарының білім алушылары арасында өткізілетін шығармашылық пәндік олимпиаданы ұйымдастыру мен өткізудің тәртібін айқындайды;
2. Олимпиада білім алушылардың шығармашылық әлеуетін дамытуға, кәсіби құзыреттілігін арттыруға және дарынды жастарды анықтауға, қатысушылардың білім беру бағдарламасы бойынша бағыттарының сәйкестігін анықтауға бағытталады;
3. Олимпиада ашықтық, әділдік, академиялық адалдық және тең мүмкіндік қағидаттары негізінде өткізіледі;
4. XVIII Республикалық пәндік олимпиада «Театр өнері», «Театр режиссурасы», «Вокал», «Сахна тілі», «Сахна қозғалысы», «Сахна сайысы», «Би» пәндері бойынша 2 және 3 курс білім алушыларының білім беру бағдарламалары бойынша қойылымдар мен орындаушылық шеберліктерін бағалап, шығармашылық жұмыстардың нәтижесінде жеңімпаздарды анықтау арқылы өткізіледі.

2. Олимпиаданың мақсаттары мен міндеттері

1. Республикалық пәндік олимпиада білім алушылардың шығармашылық қабілеттерін, кәсіби шеберлігін және көркемдік ойлауын дамыту;
2. Дарынды, талантты жастарды анықтау және қолдау;
3. Білім беру үдерісінде шығармашылық бастамаларды ынталандыру;
4. Театр, өнер және мәдениет саласындағы кәсіби бағыт-бағдарды

қалыптастыру;

5. Білім алушылардың шығармашылық жетістіктерін насихаттау және тәжірибе алмасуға жағдай жасау;

6. Білім алушылардың шығармашылық әлеуетін ашуға және дамытуға жағдай жасау;

7. Кәсіби дағдыларды (актерлік шеберлік, сахналық сөйлеу, режиссура, пластика және т.б.) жетілдіру;

8. Шығармашылық ойлау, қиял және сахналық мәдениетті дамыту;

9. Білім алушылардың өзіндік іздену жұмыстарын, эксперимент жасауын және авторлық көзқарасын қолдау;

10. Әділ әрі ашық бағалау жүйесі арқылы қатысушылардың жетістіктерін анықтау;

11. Жоғары оқу орындары арасында шығармашылық байланыстарды нығайту;

12. Білім алушылардың мәдени-эстетикалық талғамын қалыптастыру;

13. Білім берушілердің білім беру бағдарламалары бойынша методикалық жұмыстарын қарау.

3. Олимпиаданы өткізу және ұйымдастыру

1. Республикалық пәндік олимпиада екі кезеңнен тұрады:

Бірінші кезең қатысушы ЖОО өзінің ішінде іріктеу үшін олимпиада өткізеді;

Екінші кезең ұйымдастырушы ЖОО Республикалық пәндік олимпиадасын өткізеді;

2. Республикалық пәндік олимпиаданы өткізу және ұйымдастыруды Күләш Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университетінің Ұйымдастыру алқасы жүзеге асырады. Ұйымдастыру алқасының құрамына оқу орнының «Театр өнері және өнертану» факультетінің деканы, кафедра меңгерушілері, профессорлық-оқытушылық құрамы бекітіледі.

4. Ұйымдастырушылардың құқықтары

1. Олимпиаданы өткізу тәртібін, форматын, кезеңдерін және күнтізбелік жоспарын айқындауға;

2. Олимпиаданың бағдарламасын, бағыттарын, номинацияларын және бағалау критерийлерін бекітуге;

3. Қазылар алқасының құрамын қалыптастыруға және Ғылыми кеңестің шешімімен бекітуге;

4. Олимпиадаға қатысушылардың өтінімдерін қабылдауға, оларды тіркеуге және талаптарға сәйкестігін анықтауға;

5. Ұйымдастыру комитеті осы Ереже талаптарына сәйкес келмейтін өтінімді кері қайтаруға құқылы;

6. Олимпиада өткізу барысында регламент бұзған қатысушыларды ескертуге немесе олимпиададан шеттетуге;

7. Олимпиада нәтижелерін бекітуге және жариялауға;

8. Олимпиада материалдарын (фото, бейне, аудио) ақпараттық және жарнамалық мақсатта пайдалануға;
9. Олимпиаданы өткізуге серіктестерді, демеушілерді және сарапшыларды тартуға құқылы.

5. Ұйымдастырушылардың міндеттері

1. Олимпиаданы қолданыстағы заңнамаға және бекітілген Ережеге сәйкес ұйымдастыруға және өткізуге;
2. Қатысушылар үшін тең, ашық және әділ жағдайларды қамтамасыз етуге;
3. Олимпиаданың өткізу тәртібі, талаптары және бағалау критерийлері туралы қатысушыларды алдын ала хабардар етуге;
4. Ұйымдастырушы тарап қатысушыларға дайындық үшін аудиториялармен қамтамасыз етуге;
5. Қазылар алқасының объективті және тәуелсіз жұмысын қамтамасыз етуге;
6. Қатысушылардың авторлық және зияткерлік меншік құқықтарының сақталуын қамтамасыз етуге;
7. Олимпиада өтетін жерде қауіпсіздік техникасының, тәртіп және санитариялық талаптардың сақталуын қамтамасыз етуге;
8. Олимпиада барысында алынған жеке деректердің құпиялылығын сақтауға;
9. Олимпиада қорытындысын уақтылы шығарып, жеңімпаздар мен жүлдегерлерді марапаттауды ұйымдастыруға;
10. Олимпиадаға қатысты құжаттаманы (хаттамалар, нәтижелер, есептер) белгіленген тәртіппен рәсімдеуге міндетті.

6. Қатысушылардың құқықтары

1. Олимпиадаға ерікті түрде қатысуға;
2. Олимпиаданы өткізу тәртібі, кезеңдері, талаптары және бағалау критерийлері туралы толық ақпарат алуға;
3. Өзінің шығармашылық қабілетін, кәсіби шеберлігін, сахналық мәдениетін еркін көрсетуге;
4. Олимпиада барысында әділ және бейтарап бағалануға;
5. Олимпиада нәтижелерімен танысуға;
6. Олимпиадаға қатысқаны үшін сертификат алуға, ал жүлдегер болған жағдайда дипломдармен және марапаттармен марапатталуға;

7. Қатысушылардың міндеттері

1. Олимпиаданы ұйымдастыру және өткізу туралы Ереженің талаптарын сақтауға;
2. Олимпиадаға белгіленген мерзімде тіркелуге және студент мәртебесін растайтын құжаттарды, өтінім парағын толтырып ұсынуға;
3. Қойылымдардың мазмұны мен формасының этикалық нормаларға және қоғамдық тәртіпке сай болуын қамтамасыз етуге;

4. Олимпиаданың регламентін, уақыт тәртібін және техникалық талаптарын сақтауға;
5. Ұйымдастыру комитетінің, қазылар алқасының және техникалық персоналдың заңды талаптарын орындауға;
6. Сахнада және сахна сыртында қауіпсіздік техникасын, тәртіп ережелерін сақтауға;
7. Басқа қатысушылардың құқықтарын, ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеуге;
8. Олимпиада материалдарын, қазылар алқасының шешімдерін және бейне/аудио жазбаларды ұйымдастырушылардың рұқсатынсыз жарияламауға;
9. Олимпиадаға 2025 жылы көрсетілген қойылымдар мен жеке жұмыстарды қайта ұсынуға рұқсат етілмейді.

8. Қорытынды шығару

1. Қорытынды нәтижелер қатысушылардың орындаған жұмыстарын бағалау критерийлеріне сәйкес анықталады;
2. Қатысушылардың жинаған ұпайлары бойынша жеңімпаздар мен жүлдегерлер анықталады;
3. Олимпиада нәтижелері ұйымдастыру комитеті бекіткеннен кейін ресми түрде жарияланады;
4. Қазылар алқасының шешімі түпкілікті болып табылады және қайта қарауға жатпайды;
5. Республикалық пәндік олимпиаданың қорытындысы қазылар алқасының шешімі негізінде шығарылып барлық құрамының қолдары қойылған тиісті хаттамамен рәсімделеді;
6. Олимпиаданың нәтижелері ұйымдастырушы ЖОО ректорының бұйрығымен бекітіліп, олимпиада төрағасы/төрайымының, құрамының қолдары қойылған хаттамамен ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігіне жолданады.

9. Марапаттау

1. Марапаттау рәсімі олимпиада аяқталғаннан кейін белгіленген мерзімде өткізіледі;
2. Олимпиада қорытындысы бойынша I, II, III орын иегерлері анықталып, дипломдармен марапатталады;
3. Қатысушылар «Ерекше қойылым», «Үздік ер-әйел бейнесі», «Екінші пландағы кейіпкер бейнесі», «Үздік режиссура», «Үздік актерлік ансамбль» т.б арнайы номинациялармен марапатталуы мүмкін;
4. Барлық қатысушылардың жетекшілеріне қатысқаны үшін сертификаттар табысталады;
5. Жеңімпаздар мен жүлдегерлерге алғыс хаттар, естелік сыйлықтар немесе басқа да ынталандыру марапаттары берілуі мүмкін.

10. Олимпиаданың пәндер бойынша талаптары мен шарттары

«АКТЕР ШЕБЕРЛІГІ» пәні бойынша пәндік олимпиаданың талаптары мен шарттары:

Олимпиадаға «Театр өнері», «Театр режиссурасы» білім беру бағдарламалар тобының 2-3 курс білім алушылары қатыса алады.

1. «**Драма театры және кино артисі**» білім беру бағдарламасының **2 курс** білім алушылары – Әдеби шығармадан үзінді (инсценировка) немесе пьесадан үзінді ұсынады (*шығарма және жанр ерекшелігі қатысушының таңдауында*), уақыты 15 минуттан аспауы тиіс.

2. «**Драма театры және кино артисі**» білім беру бағдарламасының **3 курс** білім алушылары әлемдік немесе қазақ классикалық пьесаларынан үзінді ұсынады: (*шығарма және жанр ерекшелігі қатысушының таңдауында*), уақыты 15 минуттан аспауы тиіс.

Бағалау критерийлері:

- Шығарманың сауатты таңдалуы;
- Драматургиялық құрылымды түсіну, қақтығыстардың анықталуы;
- Образдың көркемдік ашылуы;
- Сахналық серіктеспен жұмыс;
- Сахналық әрекет, ой, сезім, көкейкесті мақсат, қимыл-іс еркіндігі;
- Мақсат пен әрекет логикасының сақталуы;
- Сөйлеу техникасы мен дауыс мүмкіндігі, сөз астары, сөз әрекеті;
- Сахналық мәдениет және актерлік еркіндік пен сенімділік;
- Актерлік шеберлігінің деңгейі, дайындық сапасы;
- Костюм, реквизитті орынды қолдану.

2. «**Музыкалық театр артисі**» білім беру бағдарламасының **2 курс** білім алушылары – Водевильден үзінді (*концертмейстердің сүйемелдеуімен орындау, концертмейстерді қатысушы ЖОО ұйымдастырады*) немесе музыкалық драма, музыкалық комедия шығармаларынан үзінді ұсынады (*концертмейстердің сүйемелдеуімен орындау, концертмейстерді қатысушы ЖОО ұйымдастырады*), уақыты 15 минуттан аспауы тиіс.

3. «**Музыкалық театр артисі**» білім беру бағдарламасының **3 курс** білім алушылары – Опереттадан үзінді (*концертмейстердің сүйемелдеуімен орындау, концертмейстерді қатысушы ЖОО ұйымдастырады*) немесе мюзиклден үзінді ұсынады (*мюзикл жанрындағы қойылым, фильм, ертегі, анимациялық фильмдер т.б., фонограмманың сүйемелдеуімен орындау, концертмейстерді қатысушы ЖОО ұйымдастырады*), уақыты 15 минуттан аспауы тиіс.

Бағалау критерийлері:

- Шығарманың сауатты таңдалуы, образдың көркемдік ашылуы;
- Драматургиялық құрылымды түсіну, қақтығыстардың анықталуы;

- Сахналық серіктеспен жұмыс, мақсат пен әрекет логикасының сақталуы;
- Сахналық әрекет, ой, сезім, көкейкесті мақсат, қимыл-іс еркіндігі;
- Сөйлеу техникасы мен дауыс мүмкіндігі, сөз астары, сөз әрекеті;
- Сахналық мәдениет және актерлік еркіндік пен сенімділік;
- Интонациялық тазалық, музыкалық сауаттылық;
- Музыкалық ырғақ дәлдігі, вокалдық шеберлік;
- Музыкалық партияларды орындау барысындағы актерлік шеберлік, артистизм;
- Актерлік шеберлігінің деңгейі, дайындық сапасы;
- Костюм, реквизитті орынды қолдану.

4. «Қуыршақ театрының артисі» білім беру бағдарламасының **2 курс** білім алушылары – Әдеби шығармадан үзінді (инсценировка) немесе ертегіден үзінді ұсынады, *(әртүрлі қуыршақ жүйесімен жұмыс жасау, шығарма және жанр ерекшелігі қатысушының таңдауында)*, уақыты 15 минуттан аспауы тиіс.

5. «Қуыршақ театрының артисі» білім беру бағдарламасының **3 курс** білім алушылары – Пьесадан үзінді ұсынады *(планишетті қуыршақ жүйесімен жұмыс жасау, шығарма және жанр ерекшелігі қатысушының таңдауында)*, уақыты 15 минуттан аспауы тиіс.

Бағалау критерийлері:

- Шығарманың сауатты таңдалуы, образдың көркемдік ашылуы;
- Драматургиялық құрылымды түсіну, қақтығыстардың анықталуы;
- Қуыршақты жүргізу шеберлігі, қуыршақтың қимыл логикасы;
- Қуыршақ пен актер арасындағы үйлесім;
- Қуыршақ жүргізу техникасы, қол мен саусақ координациясы;
- Механиканы таза орындау, дұрыс қолдану, техникалық дәлдік (таяқша, марионетка, қолғап планшеттік, тростевой, т.б.);
- Көрінетін/көрінбейтін қуыршақ жүргізу мәдениеті;
- Дауыс және сөйлеу техникасы, қуыршақ бейнесіне сай дауыс табу;
- Бірнеше кейіпкер дауысын ажырату, кейіпкер мінезін ашу;
- Сахналық әрекет пен мақсат айқындығы;
- Пластика, дене мен қуыршақ пластикасының сәйкестігі және сахналық қозғалыс;
- Кеңістікті пайдалану, өлшем-ырғақты сезіну;
- Актерлік шеберлігінің деңгейі, дайындық сапасы;
- Қуыршақ, костюм, реквизитті орынды қолдану.

«САХНА ТІЛІ» пәні бойынша өтетін пәндік олимпиаданың талаптары мен шарттары:

Олимпиадаға «Театр өнері», «Театр режиссурасы» білім беру бағдарламалар тобының 2-3 курс білім алушылары қатыса алады.

1. **Жеке орындау – 2 курс** білім алушылары:

Әлемдік немесе ұлттық классиктердің прозалық шығармасынан бір үзінді және бір поэзия ұсынады (*шығарма және жанр ерекшелігі қатысушының таңдауында*), уақыты 6 минуттан аспауы тиіс.

2. Топтық орындау – 2 курс білім алушылары:

- Лиро-эпостық жырлар немесе батырлар жырынан композиция, уақыты 15 минуттан аспауы тиіс.

- Поэтикалық шығармалардан композиция немесе драматургиялық, прозалық шығармалардан топтық оқу, уақыты 15 минуттан аспауы тиіс.

1. Жеке орындау – 3 курс білім алушылары:

Драматургиялық шығармалардан монолог (*шығарма және жанр ерекшелігі қатысушының таңдауында*), уақыты 8 минуттан аспауы тиіс.

2. Топтық орындау – 3 курс білім алушылары:

- Поэмалық шығармадан композиция уақыты 15 минуттан аспауы тиіс.

- М.Мақатаевтың 95 жылдық мерейтойына арналған ақын өлеңдерінен поэтикалық композиция немесе қазақ әдебиетінің классик ақындарының шығармаларынан композиция, уақыты 15 минуттан аспауы тиіс.

Бағалау критерийлері:

- **Сөйлеу техникасы** – қатысушының тыныс алуының дұрыстығы, дыбысты еркін әрі тұрақты шығара алуы, дауысының күштілігі, тембрінің табиғилығы, дикциясы мен артикуляциясының анықтылығы бағаланады;

- **Орфоэпиялық және сөйлеу сауаттылығы** – сөйлеу барысында орфоэпиялық нормалардың сақталуы, тілдік және сөйлеу қателерінің болмауы, паразит (мәтіннен тыс қоспа, қыстырма, одағай) сөздерді қолданбау деңгейі ескеріледі;

- **Мәтінмен жұмыс** – мәтін мазмұнын терең түсінуі, ойды жүйелі жеткізе алуы, мағыналық бөліктерді дұрыс ажыратып, негізгі екпіндерді дәл қоюы бағаланады;

- **Интонациялық мәнерлілік** – интонацияның байлығы, тыныс белгілерді, темп пен ырғақты орынды қолдануы, логикалық паузаларды дұрыс пайдалана білуі назарға алынады;

- **Сахналық орындау** – әрекетті сөз элементтерін меңгеру және авторлық шығарманы жүзеге асыруда сахнадағы техникалық дағдыларды қолдану. Орындаудың табиғилығы, сахнада өзін еркін ұстауы, көрерменмен байланыс орната алуы және эмоционалдық әсерлілігі бағаланады.

«САХНА ҚОЗҒАЛЫСЫ» және «САХНА САЙЫСЫ» пәндері бойынша өтетін пәндік олимпиаданың талаптары мен шарттары:

Олимпиадаға қатысушылар «Сахна қозғалысы негіздері» және «Сахна сайысы» пәндері бойынша алған білім-дағдылары негізінде жұмыстарын ұсынады. «Театр өнері» және «Театр режиссурасы» білім беру бағдарламалар тобының 2-3 курс білім алушылары жеке, жұптық, топтық қойылымдармен қатыса алады.

- **Пластикалық қойылым**

- **Жекпе-жек** (*қарусыз*)

- **Сахналық сайыс** (*сахналық қарумен*)

1. «Пластикалық қойылым» – пантомима, ритмика, пластикалық этюд, клоунада, жонглерлік өнер, т.б., қатысушылардың қалауы бойынша қойылымдарда реквизиттер пайдалануға рұқсат беріледі, уақыты 3-7 минуттан аспауы керек.

Бағалау критерийлері:

- Орындау техникасы;
- Артистік қабілеті;
- Музыканы сезіну деңгейі;
- Ым-ишара, мимика, қалып, жүріс-тұрыс, іс-қимылдың анықтығы;
- Қойылымның мазмұны мен мағыналық деңгейі.

2. «Жекпе-жек» – қатысушылардың қалауы бойынша қойылымдарда реквизиттер пайдалануға рұқсат беріледі, уақыты 5-7 минуттан аспауы керек.

Бағалау критерийлері:

- Орындау техникасы;
- Элементтердің қауіпсіз орындалуы;
- Шынайылық;
- Қойылымның жалпы әсері мен мәнерлігі.

3. «Сахналық сайыс» – бес қару, шпага, пышақ және т.б., сахналық қару-құралдарын пайдалануға болады, уақыты 5-7 минуттан аспауы керек.

Бағалау критерийлері:

- Орындау техникасы;
- Элементтердің қауіпсіз орындалуы;
- Шынайылық;
- Қойылымның жалпы әсері мен мәнерлігі.

«БИ» пәні бойынша өтетін пәндік олимпиаданың талаптары мен шарттары:

Олимпиадаға «Театр өнері» және «Театр режиссурасы» білім беру бағдарламалар тобының 2-3 курс білім алушылары қатыса алады. Қатысушылар «Би» пәні бойынша алған білім-дағдылары негізінде хореографиялық қойылымдарын ұсынады.

- Соло (2-3 минут)
- Дуэт, трио (3-5 минут)
- Ансамбль (3-10 минут)

(Хореографиялық жанрлары мен бағыттары қатысушылардың таңдауында)

Бағалау критерийлері:

- Бидің композициялық қойылымы, құрылымы, тұтастығы;
- Тақырыбының және драматургияның ашылуы;
- Орындау техникасының деңгейі;
- Биді орындаудағы музыкалық, артистік шеберлік;
- Қойылымды әрлеу деңгейі (костюм, декорация, грим және т.б.)

«ВОКАЛ» пәні бойынша өтетін пәндік олимпиаданың талаптары мен шарттары:

«Вокал» пәндері бойынша «Музыкалық театр артисі», «Драма театры және кино артисі», «Театр режиссурасы» білім беру бағдарламаларының 2-3 курс білім алушылары қатыса алады.

- Классикалық жанр шығармаларындағы вокалдық жеке орындау (*концертмейстердің сүйемелдеуімен орындау, уақыты 2-3 минут, концертмейстерді қатысушы ЖОО ұйымдастырады*)
- Қазақтың халық әндері, халық композиторларының әндерін жеке орындау; (*қатысушы домбыра, жетіген, қобыз аспаптарында өзінің сүйемелдеуімен орындау, уақыты 2-3 минут*)
- Музыкалық спектакльдер – водевиль, оперетта, операдан дуэт, трио, квартет, квинтет, секстет т.б., вокалдық ансамбльдік орындау (*концертмейстердің сүйемелдеуімен орындау, уақыты 3-4 минут, концертмейстерді қатысушы ЖОО ұйымдастырады*)

Бағалау критерийлері:

- Шығарманы жатқа орындау;
- Концертмейстермен ансамбльді қадағалау;
- Сахналық орындау мәдениетін сақтау;
- Композиторлық түпкі ойды сақтау;
- Шығармадағы интонация тазалығын сақтау;
- Шығарманың драматургиялық мазмұнын ашу;
- Орындаушылық шеберліктің деңгейі;
- Орындалған шығарманың көркемдік баяндамасы (*трактовка*);
- Образдың көркемдік бейнесін ашу;
- Шығармадағы орындаушылық стилін сақтау.

«ТЕАТР РЕЖИССУРАСЫ» бойынша өтетін пәндік олимпиаданың талаптары мен шарттары:

Олимпиадаға «Театр режиссурасы» білім беру бағдарламалар тобының 2-3 курс білім алушылары қатыса алады.

1. «**Драма театрының режиссурасы**» білім беру бағдарламасының **2 курс** білім алушылары – Әдеби шығармадан үзінді (инсценировка) немесе пьесадан үзінді ұсынады (*шығарма және жанр ерекшелігі қатысушының таңдауында*), уақыты 15 минуттан аспауы тиіс.

2. «**Драма театрының режиссурасы**» білім беру бағдарламасының **3 курс** білім алушылары – Әлемдік немесе ұлттық классикалық пьесалардан үзінді ұсынады (*шығарма және жанр ерекшелігі қатысушының таңдауында*), уақыты 15 минуттан аспауы тиіс.

Бағалау критерийлері:

- Режиссерлік ойдың айқындылығы мен тұтастығы;
- Режиссерлік концепция, драматургиялық қақтығыс;
- Актерлік ансамбль қалыптастыру, композициялық құрылым;

- Мизансцена құру дәлдігі;
- Сахналық шешім (*кеңістік, ритм, пластика*);
- Бейнелік және көркемдік шешім, ұйымдастырушылық қабілет;
- Сценография, жарық, музыка қолдану, безендіру;
- Режиссерлік шешімді дәлелдеу, көркемдік тұтастық.

3. «Музыкалық театр режиссурасы» білім беру бағдарламасының **2 курс** білім алушылары – Әдеби шығармадан үзінді (инсценировка) немесе музыкалық шығармадан үзінді ұсынады, уақыты 15 минуттан аспауы тиіс.

б. «Музыкалық театр режиссурасы» білім беру бағдарламасының **3 курс** білім алушылары – Опереттадан үзінді (*концертмейстердің сүйемелдеуімен орындау, концертмейстерді қатысушы ЖОО ұйымдастырады*) немесе мюзиклден үзінді ұсынады (*мюзикл жанрындағы қойылым, фильм, ертегі, анимациялық фильмдер т.б., концертмейстер немесе фонограмманың сүйемелдеуімен орындау, концертмейстерді қатысушы ЖОО ұйымдастырады*), уақыты 15 минуттан аспауы тиіс.

1. Бағалау критерийлері:

- Режиссерлік ойдың айқындылығы мен тұтастығы;
- Режиссерлік концепция, драматургиялық қақтығыс;
- Актерлік ансамбль қалыптастыру, композициялық құрылым;
- Мизансцена құрудағы ерекшелік;
- Сахналық шешім (*кеңістік, ритм, пластика*);
- Бейнелік және көркемдік шешім, ұйымдастырушылық қабілет;
- Сценография, жарық, музыка қолдану, безендіру;
- Режиссерлік шешімді дәлелдеу, көркемдік тұтастық.

2. «Қуыршақ театрының режиссурасы» білім беру бағдарламасының **2 курс** білім алушылары – Әдеби шығармадан үзінді (инсценировка) немесе пьесада үзіндіні қуыршақпен (*маска, көленкелі театр т.б. с.с.*) немесе қуыршақтарды ашық жүргізу тәсілімен режиссерлік жұмысын ұсынады, уақыты 15 минуттан аспауы тиіс.

3. «Қуыршақ театрының режиссурасы» білім беру бағдарламасының **3 курс** білім алушылары – Әлемдік немесе ұлттық классикалық пьесалардан үзіндіні қуыршақпен (*маска, көленкелі театр т.б. с.с.*) немесе қуыршақтарды ашық жүргізу тәсілімен режиссерлік жұмысын ұсынады, уақыты 15 минуттан аспауы тиіс.

Бағалау критерийлері:

- Режиссерлік ойдың айқындылығы мен тұтастығы;
- Ұсынылған материалды инсценировкалау деңгейі;
- Қуыршақпен жұмыс жасау шеберлігі;
- Қуыршақтарды жүргізу техникасының сапасы;
- Сахналық композиция мен мизансценаның шешімі;
- Уақытты дұрыс пайдалану және қойылымның тұтастығы;

- Көркемдік шешім мен бейнелік әсер;
- Орындаушылық және режиссерлік мәдениетті сақтау;
- Қойылымның көркемдік және стильдік біртұтастығы;
- Қуыршақтарды жүргізу техникасының сапасы;
- Сахналық кеңістікті режиссерлік тұрғыда меңгеру;
- Актер мен қуыршақ арасындағы өзара әрекеттестік сапасы;
- Қойылымның эмоционалдық және көрерменге әсер ету деңгейі.